

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 534 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментімен 2013 жылғы 25 желтоқсанда № 2456 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 18 ақпандағы № 77 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 18.02.2014 № 77 қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына, «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 488 қаулысына сәйкес Бәйдібек ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж . Ә б і л д а б е к к е жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Т.Дәрменбаев

Бәйдібек ауданы әкімдігінің
2013 жылғы «11» желтоқсандағы
№ 534 қаулысына 1 қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Аудан атауы	Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны	Оның ішінде	
			республикалық бюджет есебінен	жергілікті бюджет есебінен
1	Бәйдібек ауданы	2846	1426	1420

Бәйдібек ауданы әкімдігінің
2013 жылғы «11» желтоқсандағы
№ 534 қаулысына 2 қосымша

Жан басына шағып қаржыландырудың мөлшері

Айына бір тәрбиеленушіге кететін орташа шығыс, теңге	
Балабақша	Мектеп жанындағы шағын орталық
20903	12578

Бәйдібек ауданы әкімдігінің
2013 жылғы «11» желтоқсандағы
№ 534 қаулысына 3 қосымша

Ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Барлығы	Күніне бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес)	Айына бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес)
		337,35

Ескертпе: Айына бір балаға тамаққа кететін шығын 21 күнге есептелген.